

Қ.А. Затов¹, А.Ә. Рыскиева^{1*}, Б.М. Аташ¹, Ж.Т. Әмребаева²

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: abuaymjan@gmail.com

АРҒЫҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАЙЫРҒЫ ҮНДІ ЕРТЕФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ ҮНДЕСТІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адамзат ой-санасының эволюциясы мен рухани даму үдерісін зерделеу саналы адам – «homo sapiens»-тің әрқашан өзі өмір сүріп отырған орта мен төл болмысынан әлдебір мәнді табуға ұмтылатынын аңғартады. Бұл талпыныс адам болмысының өзіндік ерекшелігін айқындайды. Демек, күллі жаратылыс арасында адамзат ғана өз болмысының шегінен шығуға, философиялық тілмен айтқанда, трансценденциялануға талпынады. Бұл трансценденцияланудың нәтижелері мифте, дінде, философияда көрініс табады. Дүниетанымның бұл түрлерінде адам санасы болмыстың мәнділік сипаттары мен қасиеттерін танымның түрлі формаларында бейнелейді. Адамның өзі және өзін қоршаған әлем туралы ең шекті көзқарастары мен түсініктері, идеялары мәдениет универсалияларында немесе философиялық категорияларда байыпталады. Әр халықтың дүниені түйсінуді мен қабылдауына ғұмыр кешіп отырған табиғи ортасы, шаруашылық әрекеті және осы әрекет барысында қалыптасатын әлеуметтік қатынастары ықпал етеді. Сондықтан дүниетанымда сезімдік-бейнелік пен рационал-логикалық элементтер сабақтасады. Мифологиялық дүниетанымда сезімдік-бейнелік элементтері басым болғанымен, рационал-логикалықтың нышанын жоққа шығаруға болмайды. Мифологиялық дүниетаным көркем бейнелілігіне қарамастан дүниені адами ақыл негізінде түсінуге бағытталған ілкі қадам болды. Көптеген ертефилософиялық идеялар мен ой-толғаулар мифологиялық дүниетаным аясында пісіп жетіледі. Осыған орай мифологиядан ертефилософиялық пайымдауларға өтетін «ой көпірлердегі» дүниетанымдық (мәдени) универсалиялардың мәні мен танымдық рөлін айқындау маңызды. Бұл үнді және қазақ халқының дүниенің рухани және материал бастаулары, материя мен қуат, уақыт пен кеңістік, жауһар мен араз туралы ертефилософиялық түсініктерін және осы түсініктердің ұлттық менталитеттегі онтоаксиологиялық маңызын анықтауға ықпал етеді.

Түйін сөздер: мифология, алғыфилософия, материя, жауһар, араз.

K. Zatov¹, A. Ryskiyeva^{1*}, B. Atash¹, Zh. Amrebayeva²

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: abuaymjan@gmail.com

Harmony and features of Proto–Kazakh and ancient Indian early philosophical ideas

An in-depth analysis of the process of the spiritual development of humankind shows that “homo sapiens” has always sought to find certain meanings of its existence, for example, the so-called ultimate foundations of being. This desire determines the nature of man. Among all creation, only man seeks to transcend his own existence. The results of this transcending are reflected in mythology, religion, and philosophy. In these types of worldviews, human consciousness reflects the essential characteristics and properties of being in various forms of cognition. A person’s extreme views and ideas about himself or herself and the world around him or her are formulated in the universals of culture or philosophical categories. The natural environment, in which it lives, economic activity and social relations that develop in the course of this activity influence the understanding of the world and worldview of each nation. Despite the fact that emotional and figurative elements predominate in the mythological worldview, the presence of a rational and logical beginning in it cannot be ruled out. Therefore, many philosophical ideas and reflections mature in the context of a mythological worldview. In this regard, it is important to determine the essence and cognitive role of worldview (cultural) universals in the transitional stages, in the “crossings of thinking” from mythology to pre-philosophical reasoning. This helps to clarify the essence of the early philosophical ideas of the Indian and Kazakh people about the relationship of the spiritual and material principles in the universe, matter and energy, time and space, substance and accidents, as well as these universals reflected in the national mentality and their role in the formation of Onto-Axiological ideas.

Key words: mythology, proto philosophy, substance, cosmic energy, substance, randomness, time, space.

Қ.А. Затов¹, А.А. Рыскиева^{1*}, Б.М. Аташ¹, Ж.Т. Амребаева²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы
*e-mail: abuaymjan@gmail.com

Сопоставимость и особенности протоказахских и ранних философских идей Древней Индии

Глубинный анализ процесса духовного развития человечества показывает, что «homo sapiens» всегда стремился найти определенные смыслы своего существования, т.е. так называемые предельные основания бытия. Это стремление определяет природу человека. Поэтому среди всех существ только человечество стремится выйти за пределы своего существования, трансцендировать в философском плане. Результаты этой трансцендентности отражаются в мифах, религии и философии. В этих типах мировоззрения человеческий разум отражает сущностные характеристики и свойства бытия в различных формах познания. Наиболее ограниченные взгляды и представления человека о себе и окружающем мире серьезно воспринимаются в культурных универсалиях или философских категориях. На восприятие и мировосприятие каждого народа оказывает влияние природная среда, в которой он живет, хозяйственная деятельность и общественные отношения, складывающиеся в ходе этой деятельности. Несмотря на то, что в мифологическом мировоззрении преобладают эмоционально-образные элементы, нельзя исключать наличие в нем рационально-логического начала. Поэтому многие философские идеи и размышления формируются именно в контексте мифологического мировоззрения. В связи с этим важно определить сущность и познавательную роль мировоззренческих (культурных) универсалий на переходных этапах, на «переправах мышления» от мифологии к предфилософским рассуждениям. Это способствует определению ранних философских представлений индийского и казахского народов о духовном и материальном происхождении мира, материи и энергии, времени и пространства, войны и вражды, а также онтоаксиологическое значение этих представлений в национальном менталитете.

Ключевые слова: мифология, протофилософия, материя, космическая энергия, субстанция, случайность, время, пространство.

Кіріспе

Бұл зерттеу ҚР БЖҒМ-ның қаржыландыруымен АР09260492 «Қазақ және үнді халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы рухани негіздер (діни-философиялық синкретизм)» жобасы аясында әзірленді.

Байырғы заманғы философиялық ой толғаулар адамның қоршаған табиғат пен өзінің тәндік және рухани болмысын тануға деген талпынысынан туындайды. Яғни, философиялық пайымның бастапқы нүктесі адам мен әлем қатынасы. Түрлі дүниетанымдық парадигмалар мен философиялық жүйелер міне, осы қатынастан өрбиді. Дүниетанымдық парадигмалар – халықтардың дүниені практикалық және рухани игеруінің жиынтық нәтижесі. Дүниетанымның объектісі тұтас әлем болғанымен, дүниетанымның пәндік аймағын адам мен әлемнің, үлкен ғалам мен кіші ғаламның қатынасы құрайды. Жеке адам мен адамзат қауымдастықтарының дүниетанымы әрқашан

толысып, кеңейіп отырады және мифологиялық, діни, ғылыми-философиялық элементтерді әрдайым өзіне кіріктіріп, дәуір мен қоғам қажеттіліктеріне сай өңдейді. Дүниені алдымен мифологиялық, кейінен діни дүниетаным түрғысынан түсіндіруді алғыфилософиялық деп атайық, себебі әлемді түсіндіру мен түсінудің бұл формасында ойлау қатаң философиялық категорияларға емес, көркем мәнді универсалияларға негізделеді. Бұл универсалиялар «адам – әлем» қатынасын поэтикалық мәнерде даналық ой сипатында бейнелейді. «Жер – Ана», «Әлемдік ағаш – Бәйтерек», «Арғытек – Тотем» және басқа да универсалияларда алғыфилософиялық ойдың бастапқы түсініктері көрініс табады. Мифопоэтикалық, көркем бейнелік және символдық нышандылығымен қатар бұл универсалиялар бастапқы абстрактілі ойлаудың қарапайым элементтерін де қамтиды. Осы универсалиялардың көмегімен адамзат ойлауы ғарышқа тән жалпылама байланыстарды, ортақ мәнділіктерді, заттар мен құбылыстардың са-

пасы мен қасиеттерін ашуға талпынады. Төмендегі баяндауымызда біз арғықазақ және байырғы үндінің мифологиялық және діни дүниетанымындағы осы универсалиялардың өзіндік сипаты мен үндестігін айқындауға талпынамыз.

Тақырыптың негіздемесі және мақсаты мен міндеттері

Қазіргі ғылымда байырғы үнді дүниетанымы мен осы дүниетанымды рационал пайымдаудың нәтижесі ретіндегі философиялық тұжырымдары арғытүрік және түрік алғыфилософиялық ой-толғамдарға қарағанда жан-жақты әрі терең зерттелген. Мұның негізгі себептерінің бірі осы халықтардан жеткен жазба деректердің сақталуына және ғылыми айналымға енуімен тығыз байланысты. Үндіеуропа мәдени мұраларын зерттеудің тарихы түріктанулық ізденістерден ертеректе қалыптаса бастағаны белгілі. Өйткені байырғы үнді дүниетанымының тарихи жәдігерлері – Ведалар және «Махабхарата», «Рамаяна» дастандары, зәрдүштіктің қасиетті кітабы – Авеста ғалымдар тарапынан ертеректе қолға алынды. Ал арғытүріктердің жазба деректері әлі табыла қойған жоқ (алайда ғалымдар байырғы ғұндарда жазу болған деп санайды). Түрік дүниетанымының ең ерте жәдігері саналатын Орхон-Енесай эпитафиялары ғылымға тек XIX ғасырдың соңында белгілі бола бастады. Ал қытай (қытай тарихшысы Сыма Цянь еңбектері) және парсы (Авеста) деректеріндегі арғытүрік тайпаларына қатысты зерттеулер әлі де өз зерттеушілерін күтуде. Белгілі түріктанушы ғалым М.З. Закиевтің атап көрсеткеніндей «...дәстүрлі тарих ғылымының қалыптасуы кезеңінде түріктің этникалық (және саяси) тарихы арнайы зерттеу пәні болмады. Үндіеуропа халықтарының тарихының шеткері бөлігі деп қана есептелді. ... Үндіеуропа халықтарының тарихын айғақтауға, толықтыруға түрік этникалық және саяси тарихының кейбір сәттері ғана қажет болды. Сол себепті байырғы жазба, мифологиялық, археологиялық, этнологиялық, лингвистикалық деректер үндіеуропа ғалымдары тарапынан төл тарихтары тұрғысынан зерделенді, синтезделді һәм бағамдалды» (Закиев, 2003: 3) Ғалымның бұл айтқандары түрік тарихы мен рухани мәдениетіне қатысты еуропалық ғалымдардың көзқарастары мен қорытындыларына сындарлы қарау қажет екенін ескертеді. Осы тұрғыда біздің зерттеуіміз үшін біраз қиындықтар ту-

ындайды және бұл бірінші кезекте арғы және көне түрік түп нұсқалық жазба деректердің фрагментарлық сипатына байланысты. Сондықтан арғытүрік және түрік дүниетанымы мен алғыфилософиялық түсініктерін, универсалияларды реконструкциялау археологиялық артефактілер мен фольклорлық жәдігерлерге және сондай-ақ екінші деңгейдегі деректерге, яғни арғытүрік және түрік дүниетанымын, діни наным-сенімдерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне негізделеді.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланың ғылыми әдіснамалық негізін тарихи-логикалық, абстрактіліден нақтыға өту, диахронды және синхронды, мәтіндік талдау әдістері құрайды. Зерттеудің теориялық-методологиялық негізін шетелдік және отандық ғалымдардың тақырыпқа қатысты ой-тұжырымдары мен көзқарастары құрайды, дереккөздері көне діндердің қасиетті мәтіндеріне, тарихи-этнографиялық, фольклорлық материалдарға негізделеді. Мәтіндер мен деректер герменевтикалық және салыстырмалы зерттеу әдістерімен талданады.

Байырғы үнді және түрік халықтарының мифологиясындағы дүниенің пайда болуы

Байырғы түрік және үнді халықтарының ерте философиялық түсініктері мифологиялық дүниетаныммен сабақтастықта қалыптасып дамыды, сондықтан философиялық идеялар мифологиялық бейнелер мен әлем суреттемелеріне оранып жатады. Дегенмен мифологиялық космология кейінгі онтогносеологиялық, антропоксиологиялық идеялардың мифологиялық дүниетанымнан экспликациялануының алғышартын қалыптастырды. Адам өзін қоршаған дүниені, оның пайда болуы мен дамуын, өзінің мәні мен болмысын тануға талпынды, оның бұл талпынысы әуелі түрлі мифологиялық-діни түсініктерде, кейіннен философиялық ой-тұжырымдарда көрініс тапты. Ежелгі дәуір адамдарының кеңістік пен уақыт, табиғат пен адам болмысы, ғарыштық ырғақ пен үйлесімділік және оның заңдылықтары туралы көзқарастары мен ой-туындылары мифологиялық дүниетаным аясында дүниеге келіп, пісіп жетілді. Міне, сондықтан адамзаттың алғыфилософиялық ой-тұжырымдары мен көзқарастары мифологиялық образбен көмкерілді. Белгілі ойшыл А.Ф. Лосевтің атап көрсеткеніндей миф – шындықты нақты сезімдік бейнелерде пайым-

дау. Сонымен қатар миф өмірді мән тұрғысынан қайта өңдейді, оны әмбебап тұтастық тұрғысынан қарастырады.

Барлық халықтардың соның ішінде, байырғы үнді және түрік халықтарының мифологиялық санасында дүние ілкі хаостан пайда болады. Мұндай космологиялық мифтер ведалық мифологияның өзегінде де жатыр. Бұл мифтерге сай болмыстың бастауы – су. Осы мифтің келесі бір нұсқасында ілкі судан жұмыртқа, ал осы жұмыртқадан Брахма құдайы пайда болады. Екіге жарылған жұмыртқа бөліктерінен аспан мен жер пайда болады. Басқа ведалық мәтіндерде жер мен күн су үстінде қалқып жүрген лотостан пайда болады. Осыған ұқсас сюжеттер мен образдарды біз көне түрік мифтерінен де кездестіреміз. Алтайлық аңызда жоғарғы әлем құдайы Үлген жаратылысқа дейін шексіз-шетсіз, түпсіз-түңғиық теңіз үстіндегі кеңістікте тіршілік етеді. Сол кезде Үлгенге су түбінен Ақ ана шығып, оған жер мен көкті жаратуды үйретеді. Бұл жерде Брахма мен Үлген құдайлары жаратушы, ілкі хаосты реттеуші болмыстық принцип қызметін атқарады. Жаратылыстың мифологиялық концепциясы кейінгі монотеистік діндердегі құдайдың болмысты жоқтан жаратқанын баяндайтын креационизм идеясына қайшы келеді. Мифологиялық онтология ілкі заттық бастау немесе жауһар идеясының пайда болуына негіз болады. Ал жауһар байырғы гректік философияда мифологиялық сипаттарынан тазартылып рациональды философиялық ойдың негізгі категориясына айналады. Мифологиялық онтологияда хаоста болмыстың пайда болуына қажетті алғызаттардың бәрі бар, алайда олардың арасында байланыс пен реттілік жоқ. Ал байырғы үнді және түрік мифологиясында құдай немесе құдайлар бастапқы хаостағы элементтерді байланыстырып, космогенезді қамтамасыз етеді. Ілкі хаостағы жер мен су, от пен ауа және эфир мифте енжар пассивті бастаулар, яғни өзара әрекеттесуге қабілетсіз материя ретінде сипатталады, ал олардың өзара әрекеттесуі мен жаратылыстың формаға ие болуын қамтамасыз етуші бастау – құдайға тән ақыл ой. Мифологиядағы Брахма мен Үлген материялық емес мәндер ретінде сипатталады. Яғни, олар ілкі хаосты реттеуші және болмысты жаратушы бастаулар деп қарастырылады. Осылайша, мифологиялық дүниетаным ілкі философиялық идеялар мен түсініктердің пайда болуына түрткі болады. «Сөйтіп, жылу қуаты, әуелгі су материясы және ақыл қуаты Хаос-Тәртіп космологиялық

бірлігінде уақыттан тыс һәм әуелгі болып саналады» (Кулиш, 2014).

Байырғы үнді және түрік дүниетанымындағы әлемді басқарушы табиғи әрі рухани қуат туралы идеялар

Ведалардағы ғарыштағы үдерістерді басқаратын қуат туралы да айтылады. Сонымен қатар бұл қуат ғарыш заңдылығы деп те қарастырылады. Ғарыштағы осы қуат пен заңдылықты белгілеуде Рита және Кама атаулары қолданылады. «Веда мадақ жырларында дүниенің үш бөлігі Рита аталатын қуатпен басқарылады. ... Ританың қуатымен күн эклиптика бойымен қозғалып, жыл мезгілдері бірін-бірі ауыстырады, арайлап атқан таң түн қараңғылығын сөгеді. Құдайлардың өзі де оған бойұсынады. ... Енді бір ғарыштық қуат – Кама (санскриттен – «іңкәрлік», «аңсар») абстракцияланудың жемісі. «Насадия-сукта» мадақ жырында Кама ғарышты жаратушы қуат, «ойдың ілкі ұрығы» ретінде аталады» (Канаева, 2008: 32). Ғарышты жаратушы және басқарушы мұндай қуат туралы түсінік барлық халықтардың байырғы мифологиясына тән құбылыс. Меланезиялық халықтардың наным-сенімдерін зерттеу сезіммен қабылданбайтын, абстрактілі күш Мана туралы түсініктердің бар екенін байқатады. Мана ілкі қауымдық халықтардың тіршілігіне қатыстының бәрін қозғалысқа келтіреді және сакральды салаға қатысты маңызды оқиғалардың себебі болып табылады. Ол кейбір адамдарға, жануарларға, тіпті рухтарға тиесілі болуы мүмкін. Басқа аймақтардағы зерттеулер аңғартқандай, бірқатар аустралиялық тайпаларда бұл күш – арунгвилта, американдық үндіс тайпаларында – вакан, оренда, маниту деп аталған, ал кейде жерлерде оның атауы болмаған. Қалай десекте дәл осы күш преанимистік діндер мен магияның мәнін құрайды.

Түрік халықтарына тән Тәңірлік дінде мұндай қуатты құт деп атайды. Құттың антонимі жүт. Құт – Тәңір арқылы даритын табиғи әрі рухани қуатты, ал жүт – осы қуаттың кемуі, саркылуы. Тәңірлік қуат аспан мен жерді ажыратып, күн мен айды, жұлдыздар мен планеталарды қозғалысқа келтіреді. Адам да Тәңірлік қуаттан нәр алып, өсіп өнеді. «Түріктердің байырғы наным-сенімдерінде ғарыштағы күллі үдеріске тоқсан тоғыз Тәңір билік етеді. Осыған сәйкес кез келген құбылыс пен заттың киелі иесі болатынына сенеді. Түріктердің дүние суреттемесінде ғарыш үш бөлік: жоғарғы, ортаңғы және төменгі бөліктерден тұрады. Бұл

үш дүниедегінің барлығы Тәңірге бағынады. Түріктер сеніміндегі Тәңірдің ерекшелігі ол белгілі бір тотеммен не затпен теңестірілмейді. Түріктер Көк Тәңір дегенде оны материал кейіптегі көкпен де салыстырмайды. Көк – тылсым құпияның, Жаратушылық бастаудың эпитеті» (Байтенова, 2011: 86).

От – болмысты ұйымдастырушы бастау әрі зұлымдықтан тазартушы

Шығыс халықтарының діни наным-сенімдерінде күнге табыну ерекше орын алады, ал «нақты түрде ол отқа табыну ретінде көрініс табады». Бұл діни рәсім адамзат тарихының тұңғық терең қабаттарынан бастау алады. Қазақстан жерінде отқа табыну Андрон мәдениетінде кең таралған. Е.Е. Кузьминаның мәлімдемесінде: «Кейде үй ішінен көп жанбаған, үлкен диаметрлі (0.7-3м) оттың орнын байқауға болады. Сондай-ақ тік бұрышты, ақ тастан қаланған ошақтар да кездеседі. Мұндай ошақтар үйдің ортасында орналасқан, жан-жағы мұқият тазаланған, қасынан ыдыс-аяқ не өзге де тұрмыстық заттар табылмайды, осыған қарағанда бұл отбасының діни рәсімдерді орындайтын орны болса керек» (Кузьмина, 1986: 46). Сақ мәдениетінде де отқа табыну белгілері көптеп кездеседі. От – олардың түсінігінде болмыстың бастауы, мәңгілік өзгерістің, үйлесімділік пен қарама-қайшылықтың, бір күйден екінші күйге өтудің символы. Ол – болмыстың мәңгілігінің белгісі. От – бәрін жалмап, әлемді тазартатын және қайтадан жарататын стихиялық күш. Грек мифологиясындағы өзін-өзі жағып жіберіп, сол күлден қайта тірілетін қасиеті бар қиял-ғажайып күс Феникс қайта жаңғырудың, қайта өркендеудің символы болса, от – оның жауһарлық негізі. Оттың мәні мен табиғатын осылай түсінуді алдымен Зәрдүш, одан кейін Гераклит дәйекті түрде дамытады. Көне мәдениеттердегі өлікті өртеу, өлік үстіне қызыл бояу себу, өліп қайта тірілу идеясымен астасқан. Отқа табыну нышандары қола дәуір тұрғындарынан сақтар, үйсіндер арқылы қазіргі күндерге дейін келіп жеткен. Қазақтарда отқа түкіруге, дәрет сындыруға, ошақтағы отты су сеуіп өшіруге, ошақтан аттап өтуге тыйым салынады. «Бұлай істеу адамдарға бақытсыздық әкеледі, кесірін тигізді...».

Отқа табыну көне дәуір халықтарының бәрінде кең таралған, Ұлы Дала тұрғындарында да осы құбылыс тым жиі кездеседі. Отты кие түту, оның жауһарлық негізінде айрықша күдірет бар

деп ұғыну көне гелиополдық күнге табынудың бір көрінісі, өзгеше бітімі болуы да әбден мүмкін. Бағыздан тамыр тартқан бұл нанымның нышандары әлі күнге дейін сақталып келеді. Ошақтағы отқа май құю, яғни отқа тасаттық беру сақтар мен түріктердің діни наным-сенімдерінде айрықша орны бар, сонымен бірге қазірге дейін сақталған діни түсініктің берік, орнықты көріністерінің бірі болып саналады. Отқа май құю рәсімі ерекше маңызды күндері, мысалы, аруақтарды еске алғанда ғана жасалса керек. Күнделікті тұрмыста пайдаланылатын ошақтармен бірге, Андронов мәдениетінде діни рәсімдерді орындауға арналған ошақтардың болғанын археологиялық қазба жұмыстары анықтап отыр.

Мифологияға сәйкес от болмысты ұйымдастырушы бастау. «От аспан мен жердің бөлінуі барысында пайда болған ... Ол күллі нәрселерге, өмірдің әр түрлі бітімдеріне бастау береді». Ол ғарыштың үш бөлігін біріктіріп, оған тұтастық сипат беріп тұрған элемент. Жер-су сияқты от та тіршілік қайнары, болмыстағы барлықты жандандырушы бастау. Гераклиттің «жанды – от» деп түсінуі де бекер емес, ол – мәңгілік оттың модусы. Осыған үндес идея Қожа Ахмет Ясауидің сопылық дүнетанымында да көрініс берген. Ясауидің: «Ғашық болдым, қанатымды күйдірдім, ұштым отты жан болып», – деген хикметтерінде Алла мен адамның тұтасуы аллегориялық-символдық бейнелі түрде бейнеленеді. Қайратты, жігерлі, ержүрек адамдарды халқымыз «көзінің оты бар адам», – дейді. Бұл түсініктер дүние төрт элементтен – су, ауа, жер, оттан бастау алады деген байырғы табиғат философиясының тұжырымдармен сабақтасып жатыр. От кіші ғалам мен үлкен ғаламды, адам мен тәңірлік ретінде қабылданған ғарышты жалғастырушы күш, ол әлемдік «абсолют рухтың» көрінісі, символы.

От – барлықты зұлымдық атаулыдан тазартушы күш. Зәрдүштік эсхатологиясында ақыретте от құдайы Атар темір атаулыны балқытып, өзен қылып ағызады, отты өзен барша күнәһарларды, ақырында Ахриманың өзін отқа орайды. Оттың тазарту қасиеті жайындағы көзқарас адамдарда күнделікті тіршілік барысында ежелден-ақ қалыптасқан, олар жыртқыш аңдардың оттан үрейленетінін көрген, табиғаттың адамзат ғана мекендемейтін, сондай-ақ беймәлім, қауіпті, түсініксіз, қатерге толы орта болған дәуірлерде от жайында мұндай көзқарастың қалыптасуы кейіннен отты киелі

деп санаған, оттың табиғатын тәңірлік деген сенімнің пайда болуына әкеледі. Матриархат қауымында әйел затының басты міндеттерінің бірі ошақтағы отты өшірмей ұстау болса керек, бұл отты әйел-құдай бейнесінде бейнелеумен ұштасады. Әйел затының толғақ келгенде: «От ана, май ана жарылқай гөр, түйіншегімді шеше гөр», – деп жалбарынуы осыған меңзейді, ал отпен аластау рәсімі оның тазартулық қасиетімен байланысты. Бұл ежелден келе жатқан түсінік. Түріктердің жатжұрттық елшілерді отпен аластағаны туралы Византия тарихшысы Менадр жазған. Аластаудың мәні – адамды арам ойдан, пиғылдан тазарту. Қазақтар көшті де екі оттың арасынан өткізіп аластайтын болған, бұл рәсімді осыған дейін тілге тиек еткен байырғы түріктердің рәсімімен салыстырсақ, от – түрік халықтарының түсінігінде тек тәндік қана емес (отпен ұшықтайтын емдік тәсілдер), сонымен қатар рухани тазарту бастауы.

От – бастапқы субстанция әрі акциденция. От пен нұр

От культі байырғы үнді діни сенім жүйесінде де маңызды рөл атқарады. Ведалардың қалыптасу кезеңінде күн құдайы – Сурьяға табыну, қасиетті от киесі – Агниді қастерлеу кең таралды. Сурья және Агнимен бірге, ведаларда от стихиясын бейнелейтін Савитар мен Пушан құдайларының есімдерін де кездестіреміз. От стихиясының тағы бір сақралданған модификациясы – найзағай құдай Индра. Бұл есімдер ғарыштық от – күннің әртүрлі көріністерімен байланысты болуы мүмкін, яғни от бастапқы субстанция болғанымен, жыл мезгілдеріне немесе күн райының өзгеруіне байланысты ол әртүрлі акциденция ие болады.

Арғықазақ дүниетанымындағы тәрізді веда наным-сенімінде ошақ қасиетті саналды. Ошақ отбасы және қауым өмірінің маңызды символына баланды. Отты игеруді үнділіктер құдайлардың рақымы деп қарастырады және сол үшін Агни құдайына әрдайым мадақ айтады. От құдайы Агниге арналған ғибадаттарды әулеттің қариясы – грихapati өткізеді. Сөйтіп, байырғы үнді қоғамында қасиетті от культі қалыптасып өрбіді, ал осы культтің абыздарын атхарвандар деп атайды. Бағзы заманғы үнділіктер ошақтағы отпен бірге аспандағы от құдайына да табынады.

От құдайы Агнидің тағы бір қызметі – адамдар мен құдайларды байланыстыру, ғибадаттардың атқарылу тәртібін, құдайларға құрбандық шалудың ретін белгілеу. Құрбандық шалу адамзат қауымының негізгі парызы,

құрбандық арқылы адамдар жаратылыс үдерісіне қатысты болады және құдайлармен байланыс орнатады.

Үнді халқының дәстүрінде от культімен байланысты рәсімде маңызы зор. Осындай рәсімдердің бірі – агни хотра, яғни отқа май құю. Сонымен қатар «сантапади» атты некелесу салтында да үнділер ошақтағы отты жеті рет айналып, некелік ант қабылдайды. Түрік діни танымында неке мен отбасылық өмірдің қамқоршысы Ұмайды От-Ана деп те атайды. Өмірдің қиын кезеңдерінде әйел адамдар Жарылқай гөр, От-Ана, Май-Ана деп Ұмайға жалбарынады. Қазақ халқының көне дәстүрінде жаңа некелескен жас жұбайлар өздерінің ошағын қара шаңырақ аталған күйеу жігіттің үйіндегі ошақтан алынған шөкпен тұтатқан. Қазақтағы отау құрды деген ұғым осы рәсіммен тығыз байланысты.

Веда дүниетанымында от құдайы Агни ілкі ғарыштық рухани жылу – Тапас сипатында да суреттеледі. Ілкі хаостан болмыстың жаратылуы мен сананың пайда болуы осы рухани жылу – қуаттың пәрменімен тығыз байланысты. От пен жылу Агнидің материал көрінісі болса, сана мен қуат оның рухани мәні. Шығыстық дүниетанымдағы жауһарлық оттың атрибуты – нұр. Агни кундалини қуатында, яғни сананың нұрлануы үдерісінде көрініс табады. Егер су стихиясы болмыстың материал бастауы болса, нұр – оның қуаттық бастауы.

Нұр құдайылық тұтастықтың бір сипаты немесе ипостасы

Мифологиялық дүниетанымнан бастау алған нұр түсінігі, кейінгі әлемдік діндер мен философиялық ой-тұжырымдарда өз жалғасын тапты. Буддизмде нұр дүниені өзгертетін ақыл қуаты іспеттес қабылданса, христиандықта ол құдайдың ипостасы Қасиетті Рух сипатында танылды. Құранда Алла көктер мен жердің нұры және қалаған құлын нұрына бөлейді делінеді. Құдайылық нұр идеясы ортағасырдағы діни-мистикалық ілімдерде құдайдың рақымы, құдай мен адам байланысының өзегі ретінде сипатталады. Византиялық ойшыл Григорий Палама нұрды жаратылмаған, бірақ сонымен қатар құдайдан бөлек тұрған өзіндік бір мән емес деп қарастырады. Демек нұр құдайдан бөлек мән емес және оның бір бөлігі де емес, ол тәңірлік тұтастықтың бір сипаты немесе ипостасы ретінде қарастырылады. «Тәңірлік қарекетке қатысты болған адам... өзі де нұрға айналғандай болады, нұрланады, осылайша Тәңірдің мейірім-

шапағатымен өзгелерге көрінбегенді көреді, себебі жүректерін ағартқандар нұр болған Тәңірді көреді, Тәңір олардың болмысында болады һәм Өз нұрына ғашық болғандарға ашылады» (Эдриси Фернандес, 2015).

Мифологиялық дүниетанымға сана ұғымы таныс емес еді, бірақ ежелгі адамға тән мен жанның бір емес екені белгілі болды. Ол жанды тәнді өз өктемдігіне бағындыратын белсенді бастау деп қабылдады. Бұл бастауды ол материалдықтан тыс құдіреттен қуат алатын өзіндік мән ретінде сипаттайды.

Мифологиялық дүниетанымда жан күн жылуынан қуат алып, толысатын және табиғи денені басқаратын белсенді күш. Мифологиялық дүниетанымнан туындайтын алғыфилософиялық түсінік тәнмен тығыз байланысты, бірақ одан тыс тіршілік ете алатын жан түсінігімен қатар, ғарыштық ақыл, әлемдік жан немес рух түсінігінде қалыптастырады.

Байырғы үнді және түрік алғыфилософиясы хаостан (су), яғни бастапқы формасыз материядан пайда болатын ғарыш және осы бастапқы материяға форма беріп, қозғалысқа келтіретін рухани бастау – ғарыштық қуат туралы түсініктерді қалыптастырады. Бұл өз кезегінде антик философиясындағы материалистік және идеалистік бағыттардың, материя мен форма, жауһар мен араз қатынасы туралы ой-тұжырымдардың қалыптасуына ықпал етті.

Тұрақсыз, құбылмалы дүниеден мызғымас негізді іздеу – салыстырмалы және абсолют, бейнеленген және бейнеленбеген уақыт

Қазақ және үнді халықтарының алғыфилософиясындағы уақыт түсінігі. Байырғы заманғы алғыфилософияның іргелі мәселелерінің бірі – уақыт пен кеңістік мәселесі. Енді осы мәселенің байырғы үнді және көне түрік мифологиясы мен алғыфилософиялық көзқарастарында қалай қарастырылып, тұжырымдалғанына тоқталып өтейік.

Үнді философиясындағы уақыт категориясын талдау болмыстың өзгермейтін негізін анықтауға, болмысты өтпелі, тұрақсыз кездейсоқ дүниелерден тазартып, аршып алуға бағытталған талпыныспен байланысты. Адам өмірінің мақсаты азаптан құтылу мен нирванаға жетуді байырғы үнділіктер оқиғалардың себеп-салдарлық қатынасын үзу, уақыт тізбегін бұзу деп қарастырады. Кейінгі упанишадтарда уақыт дербес бір мән емес, Брахманның жаратқаны сипатында қарастырылады. Упанишадтарда уақыттың нақты мезгілдерін (жыл, ай,

апта, күн) және модустарын (осы уақыт, өткен уақыт, болашақ уақыт) қамтитын кала түсінігі қалыптасады. Байырғы үнділердің уақыт туралы түсініктерінің қалыптасуына Брахманның екі жүзі немесе халі туралы түсінік те зор ықпал етті. «Расында, Брахманның екі жүзі бар – бейнеленген және бейнеленбеген. Ал бейнеленген (бейне) шындыққа жанаспайды, бейнеленбеген шындық; бұл Брахман, бұл жарық, жарық күн, расында, бұл Аум, Атман болды, Ол үшке бөлінді, (өйткені) Аум үш бөліктен тұрады. Күллі осы (әлем) сонымен тоқылған. Өйткені былай делінеді: «Шындығында, күн – Аум. Осылай медитация жасаған олар онымен тұтасып кетсін!» (Мата Амританандамайи, 6:3). Бұл осы дүниедегі дискретті уақытта көрініс тапқан және уақыттан тыс, мәңгілікпен сай келетін Брахман туралы ой тұжырым еді. Байырғы үнді философиясындағы уақыт идеясы осы екі образдың одан әрі концептуалдануы мен поляризациялануы болды және буддизм мен адвайта-веданта ілімдерінде айқын көрініс тапты. Буддизм уақыттың өткіншілігіне, дхарма элементтерінің өзгермелілігіне назар аударса, адвайта-веданта мәңгіліктің абсолют күндылығын тұжырымдайды. Бұл бағытты уақытты өзгермейтін, ұлғаймайтын және кемімейтін Брахманның табиғаты туралы бұрмаланған түсінік – майяның салдары деп қарастырады.

Сонымен, үнді философиясындағы уақыт түсінігі өзгермейтін мәңгілік жауһар туралы пайымдаулар негізінде қалыптасты. Тұрақсыз, құбылмалы дүниеден мызғымас негізді іздеу Атман мен Брахманның ажырамас бірлігі туралы идеяның туындауына, ал бұл идея өз кезегінде абсолют уақыт туралы пайымның қалыптасуына ықпал етті. Дәл осы абсолют уақыт құбылмалық пен өткіншіліктің, өзгеріс пен қалыптасудың субстраты болып табылады. Себеп пен салдар арақатынасын талдау үнді ойшылдарын эмпирикалық немесе салыстырмалы және абсолют уақытты ажыратуға алып келді. Алғашқысы күнделікті тұрмыста бағдарлану үшін қажет болса, кейінгісі өмірдің мәні мен мақсатын түсінуде маңызды рөл атқарды.

*«Тіршілік уақыттан бастау алады
Және мезгілімен олар өсіп, жетіледі
Ал уақыт өте олар жоғалып кетеді.
Уақыт – бейнеленген және бейнеленбеген».*

«Расында, Брахманның екі бейнесі бар – уақыт және уақыт емес. Сонымен қатар, күннің алдындағы нәрсе уақыт емес, оның бөліктері жоқ.

Одан әрі күннен (басталатын), яғни бөліктерден тұратын уақыт. Шынында да, жыл – бөліктерден тұратынның бейнесі. Расында, туылғандар жылдан жылға өседі, ұлғаяды, мезгілі келгенде жоғалып кетеді Шынында да, сондықтан жыл – Пражапати, уақыт, тамақ, Брахманның ұясы, Атман. Өйткені былай делінген: Уақыт барлық болмыстың ұлы Атманда пісіп-жетілуіне мүмкіндік береді; Кім уақыттың неде жетілетінін білсе, сол – Веданың білгірі».

«Бұл бейнеленген уақыт – жаратылыстың ұлы мұхиты. Онда Савитар деп аталатын бар, одан ай, жұлдыздар, планеталар, жыл және т.б. туады. Бұл бүкіл (әлем) және бұл дүниеде көрінетін барлық жақсылық пен жамандық олардан. Сондықтан Брахман – Күннің Атманы. Уақыт деп аталатын күнді қастерлеу керек. Кейбіреулер «Күн Брахман» дейді (Мата Амританандамайи: 6, 14-16).

Бейнеленген уақыт жаратылыстың ажырамас атрибуты, уақыт пен кеңістік жаратылған болмыстың тіршілік етуінің алғышарты, бірақ себебі емес. Сондықтан жаратылыстың басы мен аяғы, уақыт пен кеңістік аясында бұл жаратылыс әртүрлі өлшем мен сапаға ие бола алады. Ал абсолют уақыт құдайға тиесілі және одан бөлек бір мән емес. Құдай ғарышты, заттар мен құбылыстарды, объектілер мен үдерістерді уақыт пен кеңістік өлшемінде жаратады, бірақ өзі уақыт пен кеңістіктен тыс тұрады және оларға мұқтаж емес. Байырғы үндінің діни-философиялық дүниетанымындағы уақыт мәселесі осы тұрғыдан қарастырылады, бірақ уақыт мәселесін материалистік ұстанымнан талдаған чарвака-локаята мектебі де болды. Бұл арнайы зерттеудің нысаны болғандықтан бұл жерде біз аталған мектептің табиғат философиясына бөлек зерттеу арнайтын боламыз.

Қазақ дүниетанымындағы уақыт пен кеңістіктің тәңірлік сипаты. Бейнеленген және бейнеленбеген уақыт

Қазақ дүниетанымындағы абсолют және салыстырмалы, бейнеленген және бейнеленбеген уақыт пәни және бақи туралы түсінікпен байланысты. Википедияда «бақи – уақытпен өлшенбейтін мәңгі рух атауы; адам рухының о дүниелік мекені» деп анықталады (Уикипедия ашық энциклопедиясы, 2014 <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B0%D2%9B%D0%B8>). Б. Нұрасыл қазақ дүниетанымындағы уақыт туралы көзқарасында: «көне түрік түсінігімен айтсақ, уақыт – Тәңірдің өзі. Ал кеңістік сол Тәңірдің

сыйы іспеттес» дейді (Нұрасыл, 2020). Бұл жерде автор абсолют уақытты Тәңірдің бір сипаты, ипостасі ретінде қарастырады. Демек абсолют уақыт Тәңірден тыс немесе бөлек бір мән емес, Тәңірдің ажырамас атрибуты. Қазақ дүниетанымындағы бақидің антонимі пәни. «Пәни дүние – өткінші, жалған мағынасында қолданылып, осы дүниенің уақытша екенін анықтайтын ұғым» (Уикипедия, 2020). Пәни түсінігі үнділік майя ұғымымен үндес. Алайда ілкі қазақ дүниетанымы пәни түсінігінің онтологиялық емес, аксиологиялық мәніне басымдық береді. Байырғы қазақ ойшылдарының, ақын-жырауларының шығармашылығында жалған дүние концепті кеңінен талқыланады. Ахмет Иүгінеки бұл дүниеде тұрақты ешнәрсе жоқ, бәрі де өзгереді. «Жас қартаяды, жаңа ескіреді», «Барлық толған (нәрсе) азаяды, түгел кемиді» десе, Қаблица (Қабан) жырау:

*Бұл дүниең, жарандар
Сағатындай болмайды,
Ақіретте күніңіз» – дейді*

Бақи мен пәни, жалған мен ақиқат антиномиясы арқылы ойшылдар мен ақын-жыраулар әлем-адам қатынасындағы антропологиялық мазмұнды ашуғаталпынады. Ал антропологиялық мазмұн өз кезегінде байырғы үнді және көне түрік аксиологиялық бағдардың өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл бағдар Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде айқын көрініс береді. Елі мен жеріне, мемлекетіне қызмет ету Түрік азаматының мақсұды, бұны түрік адамы Тәңірі алдындағы борышы деп есептеді. Осы ойды Жүсіп Баласағұн Оғділміш пен Одғұрміш бейнелерін салыстыру арқылы байыптайды. Ақыл-парасатын ел мен мемлекет ісіне арнаған Оғділміш бала кездегі досы, тақуа Одғұрмішке мемлекеттік басқару жүйесіне атсалысып, жұртына қызмет етуге шақырады. Алайда Одғұрміш досының ұсынысын қабыл алмай, керісінше өз өмір салтының мәнге толы екенін мойындатуға ұмтылады. Тақуалықтан айнымаған Одғұрміш біраз уақыт өткеннен кейін сырқатқа шалдығып, өмірден озады. Ал Оғділміш ғұмырын, дарынын, бойындағы қуатын елі мен жеріне, мемлекетіне қызметке бағыштайды. Оғділміштің ұстанымынан байырғы түріктердің өмірлік пәлсапасы аңғарылады. Адам ғұмырының мәні шығармашылықта, қажырлы еңбекте, өзінді, дүниені Жарық дүниеге айналдыруда.

Түрік Тәңірі адам баласынан қарекетшілдікті, белсенділікті талап етеді. Түріктің әрбір азаматы әулетіне, еліне мен мемлекетіне қызмет етуге тиіс, осы арқылы ғана ол Тәңірінің, жұртының алдындағы борышын өтемек. Бұл жерде парыз тек ахлақи қана емес, сондай-ақ әлеуметтік-құқықтық ұғым. Борыш ұғымы байырғы түріктердің ерлігі мен мемлекеттілігінің іргетасы іспетті. Тәңір мен түрік азаматын байланыстырып тұрған нәзік тылсыммен бірге, борыш дүниені үйлесімді ету мен кемелдендірудің пәрменді құралы. Оғділміш мұны терең ұғынған жанның бейнесі. Ғұмыр-тіршілікке мұндай қарекетшіл қатынасты мыңдаған жылдар бойы Ұлы Даланы мекен еткен халықтар саналарына терең сіңірген еді. «Құтты біліктегі» Оғділміш пен Одғұрміштің ұстанымдарындағы айырмашылықтар осындай идеялар мен идеалдар арқылы Ұлы Дала мәдени кеңістігін мекендеген халықтар мен ұлыстардың бойына әрекетшілдік пен белсенділік бастаулардың терең тамыр жайғандығын көрсетеді. «Оғділміш пен Одғұрміш арасындағы пікірталас осы дүниеде зор істерді жүзеге асыруға ұмтылған түрік рухы мен үнді-буддалық дінді негізге алған, түріктік күш-қуатты әлсіретуге бағытталған аскетизм мен тақуалық рухы арасындағы күрестің көрінісі. Олардың пікірталасы белсенді түріктер рухы мен бұл дүниені тәркі ететін нирвана рухы арасындағы күрестің тамаша квинтэссенциясы. Шығыс Түркістанда бұл екі рух ежелгі замандардан бері тайталасып келді», – деп жазады белгілі татар ғалымы Садри Максуди (Максуди Садри, 2002: 95).

Байырғы үнді және түрік дүниетанымындағы уақыт түсінігінің онтологиялық және аксиологиялық сипатының мәні

Ведаларда көрініс тапқан байырғы үнді дүниетанымы «әлем-адам» қатынасын пайымдау мен адамның жеке кемелденуіне талпынса, көне түрік дүниетанымында бұл қатынас аксиологиялық негізде тұжырымдалып, уақыт аясындағы кеңістікті белсенді игеруге бағытталады.

Көшпелілер дүниетанымындағы «бейнеленген уақыт» (салыстырмалы уақыт) физикалық, биологиялық және әлеуметтік өлшемде көрініс табады. Физикалық уақыттың өлшемдері күнделікті тіршілікпен тығыз байланыста қарастырылады, «бие сауым уақыт», «сүт пісірім уақыт», «ет пісірім уақыт» және т.б. Сонымен бірге физикалық уақыт өлшемі ретінде мезгіл ұғымы да қолданылады. Бұл аспан денелерінің

қозғалысымен, табиғат құбылыстарымен сабақтастықта қарастырылатын уақыт атауы. Зерттеуші Б. Молдағали қазақ дүниетанымында уақыт өлшемі ретінде «бунақ» ұғымының қолданылғанын айтады. «Қазақ халқында және өзге де түрік тектес халықтарда бір жылды үшке бөліп қарастырумен туындаған уақыт ұғымы – Үш бунақ. Сондай-ақ, бұл уақыт ұғымы шаруашылыққа байланысты да қалыптасқан. Есепшілер шаруашылықты күн райымен байланыстырып жүргізу мақсатында бір жылды жүз жиырма күннен тұратын үш бунаққа бөлген. Шаруалардың тілінде Үш бунақтың бастапқысы бас бунақты қара қатқак деп те атаған. Орта бунақта шөп қуаты басына шығады. Қазан айының тоғызынан ақпанның тоғызына дейінгі кезең – Аяқ бунақ. Малшы қауымы бұл мерзімде «күйек шешіп», жылқыны тебінге түсіреді» (Молдағали, 2010).

Биологиялық уақыт «мүшел», «жас» және т.б. адамның бойындағы табиғи-биологиялық өзгерістермен байланысты қарастырылады. «Қазақ халқының адам жасын есептеу үлгісі – мүшел жас. Адамның ғұмыр-тіршілігін кезеңдерге бөлуіне байланысты қалыптасқан шартты бөліністері мен мүшел санау үрдістері қоғамның бірегей бөлшегінің әлеуметтену жағдайын, яки қоғамдағы орны мен статусын белгілеуді білдірді. Алайда бір бір мүшелден келесі мүшел жасқа өтуді әлеуметтік құбылыс ретінде тануға негіз жоқ. Себебі ол адамның биологиялық қасиеттеріне де тән құбылыс болғандықтан, әрбір мүшелде адамның өзіне тән қасиеттері, яғни болмысы қалыптасады» (Уикипедиа, 2018). Мүшел адам баласының биологиялық жаратылыс ретіндегі тіршілігінің уақыттық сипаттамасын береді.

Әлеуметтік уақыт «заман», «дәуір» сияқты ұғымдарда тұжырымдалады. Заман ұғымының түрлі аспектілеріне талдау жасай келе Р. Кемербай: «Заман дегеніміз – адамдардың өмір сүріп отырған уақыт кеңістігіндегі оқиғалары мен тұрмыс-тіршілігін тұтас бейнелейтін қазақ халқына тән концептуалды түсінік немесе әлеуметтік философияның категориясы. ... Заман халықтың көңіл-күйі, эмоциясы, қайғылы және қуанышты оқиғалары, сол кезеңнің тұтас тарихи келбеті де көрсетіледі» дейді (Кемербай, 2020: 53). Заман – әлеуметтік маңызы бар оқиғалардың уақыт ағымындағы сапалық ерекшелігін, мәні мен маңызын анықтайтын ұғым. Заман халықтың тарихи санасында сақталып, өткені мен бүгінгіне құндылықты сипат беретін, болашағын бол-

жайтын әлеуметтік уақыттың сапалық өлшемі. «Сонымен биологиялық және планетарлық-ғарыштық уақытпен салыстырғанда әлеуметтік уақыт бірқалыпты тегіс өтпейді және сонысымен де ол тарихи санаға өзіндік ықпалын тигізеді» (Сатершинов, 2011).

Байырғы үнді және түрік мифологиясы мен діни дүниетанымындағы уақыт түсінігін салыстырмалы талдау екі халықтың уақытты түсіну мен қабылдауындағы ұқсастықтың бар екенін аңғартады. Бұл ұқсастық уақытты абсолют және салыстырмалы, бейнеленбеген және бейнеленген, яғни құдайылық мәнмен біртұтас қарастырылатын және жаратылысты сипаттайтын уақыттың көмескі саналық түсініктерінің бар екенінен байқалады. Абсолют уақыт априорлы, адам санасына әу бастан тән және осы уақыт түсінігінің негізінде апостериори физикалық, биологиялық және әлеуметтік уақыт ұғымдары қалыптасады. Сонымен қатар екі халықтың уақыт түсінігінде өзіне тән ерекшеліктер де бар, бұл ерекшелік байырғы үнді дүниетанымының уақыттың онтологиялық аспектілеріне мән беруінен, ал байырғы түрік дүниетанымында уақыттың аксиологиялық сипатын ашуға деген талпыныстың биік болғанынан аңғарылады.

Байырғы үнді және түрік дүниетанымындағы кеңістік ұғымы және оның өлшемдері

Қазақ және үнді халықтарының кеңістік туралы философиялық пайымдары. Адамзаттың ерте философиялық дүниетүйсінуді мен әлем суреттемесінде уақытпен бірге кеңістік туралы түсінігі де маңызды орын алды. Бар дүние неден пайда болады және қайда кетеді? деген сұрақ саналы адамды ежелден ойландырып келді. Енді байырғы үнді және арғықазақ дүниетанымында осы мәселелердің қалай қойылып, шешілгендігін қарастырайық.

Байырғы үнді және арғықазақтың ерте философиясында кеңістік орын алатын оқиғалар тізбегінен тыс қарастырылмайды. Уақыт сияқты кеңістік түсінігінде миф пен ритуал аясында қалыптасады. Байырғы үнді дүниетанымынан кеңістіктің екі сипаты – «акаша» және «диш» туралы түсінікті кездестіреміз. Акаша бәрін қамтитын кеңістік, яғни дүниедегі барлықтың бәрі акашамен қамтылады, ал диш кеңістіктің төрт бағытын бейнелейді. Упанишадтарда кеңістіктің Брахманмен біртұтастығына назар аударылады: «Расында да, әуелде осы біртұтас Брахман болды, шығыста да, оңтүстікте де

шексіз ... жоғарыда да, төменде де, һәм күллі бағытта шексіз. Өйткені, оған шығыс та, батыста, өзге бағыттар да, көлденең де төменде яки жоғары да болмайды. Күллісінен биік тұрған Атман танымнан тыс, шексіз, туындамаған, адам ойы мен елестетуінен де тыс, бұл ғарыш Атманы. Бәрі жойылғанда, бір өзі сергек қалады. Расында да, ол осы кеңістіктен ойлаудың осы бөлігін оятады. Ол арқылы (бәрі) ойлайды, оның ішінде жойылады. ... Бұны білген, осы біртұтастықпен бір болуға ұмтылады» (Майтри Упанишад, VI, 17). Ведалық дүниетанымда әуелгі кеңістік Брахман және Атманмен теңестіріледі, акаша (бастапқы кеңістік) Атманның мәні ретінде қарастырылады. Өзінің сипаттамаларына сай акаша Абсолютпен пара пар, ол мәңгі, өзгермейді, бөлінбейді, ол шексіз, біртекті. Бұл уақыт адамға имманентті, кеңістіктің шексіздігін сезіну арқылы адам Абсолют шексіздікті (Брахманды, Атманды, Пурушаны) танудың тәжірибесіне ие болады. Байырғы үнділердің дүниетанымында ғарыш қаншалықты шексіз болса, адамның ішкі әлемі де сондай шексіз. Ғарыш дүниедегінің бәрін қамтитыны сияқты адам әлемі де барлық оқиғалар тізбегін қамтиды. Чандогья Упанишадта «Шынында, бұл кеңістік қаншалықты шексіз болса, жүректегі кеңістік те соншалықты шексіз» делінеді. Жайнизмнің ерте философиялық идеяларында кеңістік барлықты қамтитын орта ретінде сипатталады. Күллі жауһарларға, соның ішінде рухани жауһар – жанға да кеңістіктік сипат тән. Жайнизмде шексіз кеңістік екіге бөлінеді: шексіз ғарыштық әлем (алока), және көзге көрінетін шекті дүние (лока). Жайнистердің бұл көзқарастары даосизмдегі атаулы және атаусыз даоны еске түсіреді. Атаулы дао, яғни барлық заттар мен мәндер атаусыз даодан пайда болады және соған қайтып оралады. Байырғы үнді дүниетанымында да лока алоканың уақытша көрінісі, адам санасы өзектендірілген зат пен мәннің, жауһар мен араздың бар болуы.

Байырғы үнділер діни тәжірибе де ашылатын абстрактілі шексіз кеңістікпен бірге, нақты заттар мен құбылыстар, үдерістер мен оқиғалар өрбитін кеңістік туралы да көзқарасты қалыптастырады. Кеңістік туралы мұндай көзқарас ритуалдық әрекетпен және ғарыштық құбылыстардың синхронизмі туралы түсінікпен сабақтастықта өрбиді. Ритуалдық кеңістік жоғары-төмен, оң мен сол, алдыңғы мен артқы сияқты бағдарларды қалыптастырады. Бұл жоғарыда аталған диш, яғни кеңістік бағыттары туралы түсінікті туында-

тады. Ритуал – өзара байланысқан оқиғалардың кеңістіктегі тізбегі, кеңістік пен уақыт аралығындағы өрістеуі болғандықтан, кейінгілері осы оқиғалардың бар болуының қажетті алғышарты және тіршілік ету тәсілі ретінде анықталады. Вайшешика бағыты уақытты акашамен емес дишпен сабақтастырады, яғни диш заттардың белгілі бір бағытқа сай кеңістікте орналасуының принципі ретінде қарастырылады.

Түрік дүниетанымындағы кеңістік жайлы түсінікті байырғы Орхон жазбаларынан кездестіреміз: «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» (Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ., 2005: 186). Байырғы бинарлық оппозицияға негізделген жоғары және төмен, алдыңғы мен артқы, оң мен сол түсініктері адамзаттың кеңістікте бағдарлануын қамтамасыз еткен ілкі дүниетанымдық өлшемдер болды. Жоғары, алдыңғы және оң бағдар жақсылық, игілік пен ізгілік нышаны деп қабылданса, төмен, арқа немесе артқы және сол бағдар белгісіздіктің, айқындалмағандықтың, қауіп пен қатердің нышаны ретінде қарастырылды.

Күлтегін жазбаларында: «...Адам баласын билеп ата-бабам Бұмын қаған, Естемі қаған отырды. Билік құрып Түрік халқының Елдігін, төрелігін ұстай білді, жетілдіре білді. Төрт тараптағылар жау болған еді, найзалы әскер аттандырып төрт тараптағы күллі халықты бағындырды, барлығын тыныш етті. Басы бардың басын игізді, Тізесі бардың тізесін бүктірді» (Ғылыми зерттеулер, 2019). Көне түрік жазбаларындағы кеңістік ұғымын талдау түріктерде бастапқы кеңістік – көк аспан және қара жер бейнелері арқылы тұжырымдалғанын, ал табиғаттың кеңістік сипаттарын белгілеу үшін «төрт тарап» ұғымының қолданылғанын көрсетеді. Сонымен қатар кеңістік түрік дүниетанымында «ергенекон» («атамекен») және «жат жұрт» ұғымдарын арқылы жіктеліп отырған, яғни кеңістік біртекті емес, ол «біз» және «олар» бинарлық оппозициясы арқылы әртүрлі құндылықты сипатқа ие болады. «Көшпелілердің тарихи санасы уақыт пен кеңістік категориялары арқылы аңғарылып, олар әлемнің төртбұрышты горизонтал моделін жасаған. Күннің айналымына байланысты, ол Күншығыс – Күнбатыс, Күнгей – Теріскейге бөлінді. Жыраулардың толғауларында ұшырасатын «сегіз қиыр шартарап» деп келетін тіркес осы моделдің көрінісі. Осының бәрі уақыт категориясын анықтауға бағытталған көзқарас еді. Көшпелілер Күн айналымымен бірге қозғалып отырды. Күн қайда болса, олар да сол маңда

көрінді. Бұдан дала тұрғындарының уақытты бір шеңберге байлап, төрт тұлқпен бірге өргізіп отырғанын көреміз. Көшпелілерді тынымсыз ізденісте болған отырықшы елдерден міне осы, шеңбер – Күн айналымының шеңбері – мәңгіге бөліп тастады. Өзге халықтарды шеңбер сыртына шығарып тастап, түріктер шеңбер ішінде қалды. Өйткені, олар өздерін Уақыттан биік санады. Отырықшылар өздеріне Уақыттың көрінісі ретінде қараса, көшпелілер өздерін кеңістіктің қорғаушысымыз деп есептеді. Кеңістікті кеңінен кешкендей, Уақыттан да өте шыққысы келді. Бұл – Жер мен Көктің тепе-теңдігі және күн айналымына негізделген Мәңгілік идеясының көрінісі еді» (Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. ред., 2014: 66).

Қорытынды

Байырғы үнді және түрік дүниетанымындағы кеңістік түсініктерін талдау аталған түсініктердің діни-мифологиялық ғалам суреттемелері аясында қалыптасып дамығанын көрсетеді. Екі халықтың діни-мифологиялық дүниетанымында абстрактілі әуелгі кеңістік және жаратылған болмыстың жауһарлық атрибуты болып табылатын кеңістік туралы түсінік болғаны анық. Алайда байырғы ведальқ дүниетанымда бұл екі кеңістік ерте философиялық позициядан анағұрлым анық тұжырымдалған. Ал түрік дүниетанымында әуелгі, яғни абсолют кеңістік көмескі саналық бейнелілік сипатында сақталып, айқын ашылмаған. Ал болмыстың жауһарлық атрибуты ретіндегі кеңістік тұрмыстық (ат шаптырым жер және т.б.) және қоршаған табиғи ортада бағдарлану қажеттілігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты болды (күн қозғалысына, жеті қарақшы және т.б. жұлдыздар шоғырына қарап жол табу).

Сонымен уақыт және кеңістік, материал алғы бастау мен абсолют ғарыштық қуат, жауһар мен араз көне түрік және байырғы үнді космологиялық және социоантропологиялық конструкцияларында маңызды рөл атқарады. Дегенмен, бұл ертефилософиялық түсініктер діни-мифологиялық дүниетанымның терең қабаттарымен сабақтасып жатқандықтан олар таза ақыл мен философиялық пайымдаудың категориялары емес, жалпы дүниетанымдық универсалиялар сипатында қарастырылады. Өйткені универсалияларда адамның танымдық қарекетімен қатар, өзі өмір сүріп отырған ғарыш пен табиғатқа, жалпы әлемге деген эмоционал қатынасы да көрініс береді, тіпті осы эмоционал эмпатия байырғы діни-мифологиялық дүниетанымда басымдыққа ие болады десек артық айтпаймыз.

Әдебиеттер

- Байтенова Н.Ж. және т.б. (2011). Дінтану: оқу құралы. – А.: «Қазақ университеті». – 477 б.
- Жолдасбеков М., Сарткожаулы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 186 б.
- Ғылыми зерттеулер (2019) Күлтегінге арналған (685-731 ж. II. 27) ғұрыптық кешені және бітіктасы. <http://atalarmirasi.org/21-kulteginge-arnalghan-685-%E2%80%93731-zh-ii-27-ghuryptyq-kesheni-zhane-bitiktasy>
- Закиев М.З. (2003) Происхождение тюрков и татар. – М.: ИНСАН. – 496 с.
- Канаева Н.А. (2008) Индийская философия в древности и средневековья. – М.: ИФРАН. – 256 с.
- Кемербай Р.А. (2020) Асан қайғы: қылы заман философиясы. философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. ӘӨЖ 1 (574) (092). – Нұр-Сұлтан. – 128 б.
- Кузьмина Е.Е. (1986) Древнейшие скотоводы от Урала до Тянь-Шяня. – Фрунзе: Илим. – 135 с.
- Кулиш О.А. (2014) Космогонический комплекс Хаоса-Порядка-Гармонии. – СПб. Вестник СПбГУКИ №1 (18) март 2014. <https://cyberleninka.ru/article/n/kosmogonicheskiy-kompleks-haosa-poryadka-garmonii>.
- Майтри Упанишад (б.г.) <https://scriptures.ru/upanishads/maitri.htm>. VI.17.
- Максуди Садри (2002) Тюркская история и право. – Казань: Фэн. – 412.
- Мата Амританандамайи (б.г.) Изучение священных писаний. <https://scriptures.ru/upanishads/maitri.htm>. 6:3
- Мата Амританандамайи (б.г.) Упанишады. <https://scriptures.ru/upanishads/maitri.htm>. 6:14-16.
- Молдағали Б. (2010) Қазақ танымындағы «уақыт» категориясының этнолингвистикалық сипаты. Вестник ПГУ №1. <https://emirsaba.org/vestnik-pgu-1-2010-106-tjindeme.html>.
- Нұрасыл Б. (2020) Қазақ танымындағы заман ұғымы. <https://e-history.kz/kz/news/show/31776/>
- Сатершинов Б.М. (2011) Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБО. – 291 <http://iph.kz/doc/ru/634.pdf>
- Уикипедия (2014) Бақи. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Бақи>
- Уикипедия (2018) Мүшел жас. https://kk.wikipedia.org/wiki/Мүшел_жас
- Уикипедия (2020) Фәни. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Фәни>
- Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. ред. (2014) Қазақ философиясы тарихы. Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін. – Т.1. Қазақ философиясының қалыптасуы. – Алматы: ФСДИ ҚР БҒМ. – 400.
- Эдриси Фернандес (2015) Русский неоплатонизм и учение св. Григория Паламы о божественных энергиях. Перевод с англ. Душина О.Э. <https://cyberleninka.ru/article/n/russkiy-neoplatonizm-i-uchenie-sv-grigoriya-palamy-o-bozhestvennyh-energiyah/viewer>

References

- Baitenova N.Zh. and others (2011) Dintanu. Oqu quraly (Religious studies. Textbook). – A: Kazakh University Press. – 477. (in Kazakh)
- Edris Fernandez (2015) Russkij neoplatonizm i uchenie sv. Grigoriya Palamy o bozhestvennyh jenergiyah. Perevod s ang. Du-shina O.Je. (Russian Neoplatonism and the teaching of St. Gregory Palamy on divine energies). <https://cyberleninka.ru/article/n/russkiy-neoplatonizm-i-uchenie-sv-grigoriya-palamy-o-bozhestvennyh-energiyah/viewer> (in Russian)
- Zholdasbekov M., Sartkozhauly Kh. Orhon Eskertkishterinin tolykh Atlasy. – Astana: Kultegin, 2005. – 186 b.
- Gylymi zertteuler (2019) Kylteginge arналған (685 – 731 y. II. 27) (Scientific research. Ritual complex and inscription dedicated to Kultegin (685 – 731 II. 27)). <http://atalarmirasi.org/21-kulteginge-arnalghan-685-%E2%80%93731-zh-ii-27-ghuryptyq-kesheni-zhane-bitiktasy>. (in Kazakh)
- Kanaeva N.A. (2008) Indijskaja filosofija v drevnosti i srednevekov’ja (Indian philosophy in antiquity and medieval times). – M.: IFRAN. – 256. (in Russian)
- Kemberbay R.A. (2020) Asan Qaigy: Qazaq tanymyndaǵy «uaqyt» kategorijasynyn` jetnolingvistikalıq sipaty (Asan Qaigy: the philosophy of modern times. Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)). – Nur-Sultan. – 128. (in Kazakh)
- Kulich O.A. (2014) Kosmogonicheskiy kompleks Haosa-Porjadka-Garmonii (Cosmogonic complex Chaos-Order-Harmony). – SPB. Vestnik SPbGUKI №1 (18) march 2014. <https://cyberleninka.ru/article/n/kosmogonicheskiy-kompleks-haosa-poryadka-garmonii>. (in Russian)
- Kuzmina E.E. (1986) Drevnejshie skotovody ot Urala do Tjan’-Shjanja (The oldest herdsmen from the Urals to the Tien-Shan). – Frunze: Ilim. – 135. (in Russian)
- Majtri Upanishad (b.g.) <https://scriptures.ru/upanishads/maitri.htm>. VI.17. (in Russian)
- Maksudi Sadri (2002) Tjurkskaja istorija i pravo (Turkish history and law). – Kazan: Feng. – 412. (in Russian)
- Mata Amritanandamaji (b.g.) Izuchenie svjashennyh pisanij (Study of the Scriptures). <https://scriptures.ru/upanishads/maitri.htm>, 6: 3 (in Russian)
- Mata Amritanandamaji (b.g.) Upanishady (Upanishads). <https://scriptures.ru/upanishads/maitri.htm>, 6: 14-16. (in Russian)
- Moldagali B. (2010) Kazakh tanymyndaǵy “uaqyt” kategorijasynyn` etnolingvistikalıq sipaty (Ethnolinguistic character of the category “time” in Kazakh cognition). <https://emirsaba.org/vestnik-pgu-1-2010-106-tjindeme.html> (in Kazakh)
- Nurasyl B. (2020) Qazaq tanymyndaǵy zaman ugymy (The concept of time in Kazakh cognition). <https://e-history.kz/en/news/show/31776/> (in Kazakh)

Satershinov B.M. (2011) Tarihi sana – tәuelsizdiktin` ruhani tugyry (Historical consciousness is the spirituality of independence). – Almaty: KBO IPH SC MES RK. – 291 <http://iph.kz/doc/ru/634.pdf> (in Kazakh)

Shaukenova Z.K., Nurmuratov S.E. ed. (2014) Kazakh philosophy tarihy. Ezhelgi dauirden kazirgi zamanga deyin. – T.1. Kazakh philosophy of synyn kalyptasuy (History of Kazakh philosophy. From ancient times to the present. – Vol.1. Formation of Kazakh philosophy). – Almaty: Almaty: KBO IPH SC MES RK. – 400. (in Kazakh)

Wikipedia (2014) Baqi (Afterlife). <https://kk.wikipedia.org/wiki/Afterlife> (in Russian)

Wikipedia (2018) Mushel zhas (Transitional age). https://kk.wikipedia.org/wiki/Мүшел_зhas (in Kazakh)

Wikipedia (2020) Fani (temporary, earthly world). <https://kk.wikipedia.org/wiki/Фәни> (in Russian)

Zakiev M.Z. (2003) Proishozhdenie tjurkov i tatar (Origin of Turks and Tatars). – M.: INSAN. – 3. (in Russian)